

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы  
(2005 жылғы 1 қазандағы)**

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 76 филиалы мен 75 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

**Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны шілде айында 70 453-ке ұлғайып (0,97%) , ағымдағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 7 369 846 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорларда болды: «МЖЗҚ» – 30,91%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,07%, «ҰларҮміт» – 14,61%, «Валют-Транзит-қор»- 8,58% және «БТА Құрмет-Қазақстан» – 7,81% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 80,98% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың шілде айында 174 (0,55%-ке) ұлғайып, 2005 жылғы 1 қазанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 0,46 млрд. теңгені құрап 31 754 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 62,30%, «ҰларҮміт»- 19,00% және «Капитал» – 11,61% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,91% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 225, салымшысының дербес зейнетақы шотында 13,6 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 23 (0,72%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.10.04ж.	01.10.05ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 718 275	7 369 846	651 571	9,70
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	29 709	31 754	2045	6,88
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	1 553	3 225	1 672	в 2,1 раза

**Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың қыркүйек айында 12 687 млн.теңгеге (2,17%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 596 451 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	(млн.теңге)
			Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.10.02 ж.	243 255	82 209	51,05
01.10.03 ж.	340 836	97 581	40,11
01.10.04 ж.	445 741	104 905	30,78
01.10.05 ж.	596 451	150 710	33,81

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 3,03 проценттік тармаққа ұлғайып 33,81% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық Банкі» – 153 039 млн. теңге немесе 25,66%, «МЖЗҚ» – 119 369 млн. теңге немесе 20,01%, «ҰларҮміт» – 107 377 млн. теңге немесе 18,00%, «БТА Құрмет-Қазақстан» – 43 897 млн.теңге немесе 7,36% және «АБН АМРО КаспийМұнайГаз» – 42 759 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,17%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,20% келді.

#### 2005 жылдың 1 қазанына жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың қыркүйек айында 1 654 млн. теңгеге (1,18%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 142 209 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млн. теңге)


Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.10.2002 ж.	68 936	26 438	62,21	28,34
01.10.2003 ж.	93 734	24 798	35,97	27,50
01.10.2004 ж.	106 412	12 678	13,53	23,87
01.10.2005 ж.	142 209	35 797	33,64	23,84

Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылдың 1 қазанмен салыстырғанда 20,11 проценттік тармаққа ұлғайып 33,64% болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 қазандағы 23,87% кезде 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 23,84% болды немесе 0,03% проценттік тармаққа төмендеді.

Ағымдағы жылдың шілде айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 11 607 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 471 374 млн. теңге болды.

#### Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 3 421 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 125 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе алдыңғы есепті кезеңімен салыстырғанда 15,74%-ке өсім болды.

**Зейнетақы төлемдері** ағымдағы жылдың қыркүйек айында 747 млн.теңгеге (2,28%) өсіп, 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 33 473 млн. теңге болды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 қазанда жинақталған зейнетақы қаражаты 90 499 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 652 млн.теңгені құрады.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 52,58%, «ҰларҮміт» - 12,22% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,84% және «БТА Құрмет-Қазақстан» - 6,28% немесе осы 4 қордың аударымдардың жалпы сомасының 80,92% келеді.

### Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі 597 133 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың қыркүйек айында 12 117 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,07%-ке өсті.

2004 жылғы 1 қазан 2005 жылғы 1 қазан аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 12,6 млрд. теңге болды.



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	Зейнетақы активтер млн. теңге	%-пен
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	51 845	8,68
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	42 817	7,17
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 028	1,51
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	51 921	8,70
АО "ООИУПА "Bailyk asset management"		
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 020	0,34
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 268	2,56
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 579	4,28
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 054	1,52
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	11 259	1,89
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 259	1,89
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	28 659	4,80
"Валют-Транзит Қор" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 659	4,80
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 306	2,56

"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 306	2,56
<b>"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>107 495</b>	<b>18,00</b>
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	107 495	18,00
<b>"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>14 048</b>	<b>2,35</b>
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 048	2,35
<b>"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>119 362</b>	<b>19,99</b>
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	43 991	7,37
<b>"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>153 247</b>	<b>25,66</b>
<b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>597 133</b>	<b>100,00</b>

2005 жылғы 1 қазанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 589 361 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы тамыз айында 9 220 млн. теңгеге немесе 1,59% өсті.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>210 027</b>	<b>35,63</b>
ҚР еврооблигациялары	4 787	0,81
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	144 924	24,59
Ұлттық Банктің ноттары	60 242	10,22
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	74	0,01
<b>Екінші деңгейдегі банктердің салымдары</b>	<b>94 257</b>	<b>15,99</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>3 694</b>	<b>0,63</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>29 858</b>	<b>5,07</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>240 856</b>	<b>40,87</b>
акциялар	51 829	8,79
облигациялар, оның ішінде	189 027	32,08
АҚШ долларына номинирленген	7 457	1,27
теңгеге номинирленген	181 570	30,80
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>10 522</b>	<b>1,79</b>
акциялар	5 992	1,02
облигациялар	4 530	0,77
<b>Инвестициялық қорларының шетел пайлары</b>	<b>147</b>	<b>0,02</b>
<b>жиынтығы:</b>	<b>589 361</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 210 027 млн. теңгені құрады немесе 35,63% болды. 2005 жылғы 1 қыркүйекпен салыстырғанда МБҚ көлемі 4 168 млн. теңгеге немесе 1,95%-ке азайды. 2005 жылы қыркүйек айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 14 280 млн. теңгеге немесе 6,30%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 94 257 млн.теңгеге немесе 0,01%-ке өсіп 9 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,63% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі

2005 жылы қыркүйек айында 2,17%-ке көбейіп, 29 858 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,79% болды.

### **Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер**

2002 жылғы қыркүйектегі – 2005 жылғы қыркүйектегі кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2005 жылғы 1 қазанда номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 20,73% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www.afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

### **Қорлардың қаржы жағдайы**

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 қазандағы жағдай бойынша 11 539,5 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 53,7% болды. Есепті айда меншікті капиталы 108,6 млн.теңгеге немесе 1,0% өсті.

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 439,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 12,5% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айларында барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» және «Капитал» қорларын қоспағанда, жалпы сомасы 3 226,6 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын «Қазақстан Халық Банкі»- 42,4%, «МЗЖҚ» - 14,3%, «БТА Құрмет-Қазақстан» - 15,2%, «Ұлар Үміт» - 12,3% және қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кірісінің 84,2% болды.

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 8 229,3 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 71,3% болды.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 2 615,8 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 31,8%), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 170,5 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 38,5%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 2 443,0 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 29,7%-ін орналастырды.